

Алоэ өсімдігі



Қабылдаған: Байбеков.Е
Орындаған: Темерлан.Д
ЖБЛ-511

Дүниесі: Өсімдіктер

Бөлімі: Гүлді өсімдіктер

Табы: Дара жарнақтылар

Сабы: Asparagales

Тұқымдасы: Xanthorrhoeaceae

Кіші тұқымдасы: Asphodeloideae


Тегі: Aloe



АЛОЭ- сабыр, жүзжылдық (лат. Aloe) – шырыштар тұқымдасына жататын көп жылдық бұта, кейде шырмауық түріндегі мәңгі жасыл, қуаңшылыққа төзімді өсімдіктер. Тропиктік, субтропиктік белдеулерде кездеседі. Биіктігі 7-12 м-дей, сабағы жуан, жапырағы шырынды, етті, тікенді болып келеді. Қызыл, қызғылт-сары, сары түсті, гүлі түтікше келген қоңырау тәрізді гүлшоғырына топталған. Сирек гүлдейді, негізінен құстар арқылы тозаңданады. Тұқымынан кейде өсімді (вегетативті) жолмен де көбейеді. Тұқымы жалпақтау қоңыр түсті. Алоэны көбейту үшін сабағының түбінен шығатын атпа бұтақтарын аналық өсімдіктен бөліп алып, құмды құнарлы топыраққа отырғызу керек. Қазақстанда Ағаш тәрізді Алоэ (*Aloe arborescens*) деген түрі қолдан өсіріледі. Алоэның жапырақ құрамында глюкозид, эфир майы т. б. дәрілік заттар бар, сондықтан Алоэның шырынын түрлі ауруларды емдеуге қолданады.



Алоэ өсімдігінің Отаны



Алой (алоэ) биіктігі 50-60 см-ге дейін жететін үй өсімдігі. Етті, қалың әрі шырынды жапырақтары бар. Орыс халқы оны столетник (жүзжылдық) деп те атай береді. **Табиғи алойдың Отаны Африкадағы Капландия жері, Оңтүстік Африка.**

Таралуы: Африка мен Индияның жартылай шөл далаларында, Мадагаскарда кездеседі. Алоэ-асфоделовтар тұқымдасының суккулентті өсімдіктер туысы, 400 түрі бар.

Олар мәңгі жасыл немесе алабажақ, шөптесін, бұта, ағаш тектес көпжылдық өсімдік.



Алоэның түрлері



Алоэ вера



Қорқынышты алоэ



Ағаш тәріздес алоэ



**Шұбар
алоэ**

Алоэ өсімдігінің емдік қасиеттері

Алоэ өсімдігінің емдік қасиеттері



Сонау есте жоқ ерте замандарда адамзат баласы дәрі-дәрмек деген дүниені мүлде білмейтін. Олар өздерінің сырқаттарынан айығу үшін халықтық амал-тәсілдердің көмегіне жүгінетін еді. Сондықтан да, шөптерден жасалған дәрілер бүгінге дейін маңызын жоғалтпай келеді. Және де дәрілік өсімдіктер адам денсаулығына ине мен дәрі-дәрмекке қарағанда, әлдеқайда қауіпсіз келеді. Себебі, таблеткалардың құрамында сіздің ағзаңыз қабылдай алмайтын химиялық заттар болуы мүмкін. Бірақ біздің айтқымыз келгені бұл емес еді... Сіздің үйіңіздің терезесінде алоэ аталатын кереметтей өсімдік өсіп тұр ма? Жоқ? Өте өкінішті. Осы жазбадан кейін алоэны өсіріңіз. Ол сізді өзінің жасыл көйлегімен ғана емес, шипалық қасиеттерімен де қуантатын болады.



- **Алое**

Жас жапырақтарынан алынған шырыны мен спирт ірінді жараны, күйікті, терінің қабыну ауруларын емдейді. Алоенің шырыны созылмалы іш қату ауруына да қолданылады. Алоеден дайындалған биостимулятор препараты ауру организмнің қорғану функцияларын күшейтеді. Кептірілген сығындысынан алынған спиртті тұндырмасы немесе құрғақ экстракты іш жүргізетін дәрі ретінде қолданылады. Сондай-ақ асқазанның тамақ сіңіру жұмысын жақсартады және тәбет көтереді.

Емдік қасиеті

- Туберкулез, асқазан ауруларына алоэның шырынын балмен қосып пайдаланады. Теріні қабыну ауруларына да ем болады.



Химиялық құрамы

- Алоэның дәрілік қасиеті өте жоғары, себебі онда алоин заты болады.
- Сонымен қатар наталоин, рабарберон, эмодин, эфир майы аз мөлшерде витаминдер (В,С,Е), фитонцидтер болады.
- Алоэ түрлі косметикалық кремдердің және күйіктің шикізаты.





Жер бетінде алоэның 300-ден астам түрі бар. Және оның әрбірінің өзіндік қасиеттері бар. Мәселен, бұта қалпындағы түрі ішкі ағзаға жақсы әсер береді, ағаш түріндегі алоэ сыртқы сырқаттарға қарсы тұра алады. Алоэ өте қарапайым, оның өсуіне ылғал мен жарық жеткілікті. Оның көбеюі де қиындық тудырмайды: ұрықпен де, бұталармен де, сабақтармен де, тіпті жапырағымен де өніп кете алады. Білесіз бе, айдай әлемге танымал Клеопатра ханшайымның өзі алоэдан жасалған кремді жаққан екен. Дәрігер Диоксид: "Алоэ жараларды емдеп, ұйқыны тыныштандырады" деп жазып кеткен. Алоэ шырыны иммунитетті нығайтып, пайдаланылған өндіріс бұйымдарын бастапқы қалпына келтіріп, бактерияға қарсы күресе алады. Басқа өсімдіктер секілді алоэ да көміртегіні жұтып, оттегі шығара алады. Сондықтан да оны ұйықтайтын немесе адам көп жүретін бөлмеге қойған жөн. Алоэ екіқабат әйелдер, бүйрек, өт қабы, цистит, геморрой ауруларымен қиналатын адамдарға кері әсер етеді. Сондай-ақ, қан қысымында ауытқушылығы бар адамдарға да алоэға жақындауға кеңес берілмейді.

Алоэны қандай жағдайда қолдануға болады? Тәніңізді тыныштандыратындай ванна қабылдағыңыз келсе, 3 ас қасық шырынды 2 стақан сүтке және жалбыз тұнбасына қосып жылы ваннаға қосасыз. Мұндай ваннада 15 минут жатуға болады. Күйік шалғанда, іріңді жаралар пайда болғанда алоэны қойып, дәкемен таңып тастау керек және әр екі сағат сайын ауыстырып тұру керек.



Ол үшін алоэның жапырақтарын жуып, бинтке қойыңыз да, аздап жаншыңыз. Содан кейін барып, ауырған жерге қойыңыз. Аяулы нәзік жандыларымыз алоэдан маска жасай алады. Ол үшін алоэның бір ас қасық шырыны мен қаймақты араластырасыз да, оған жұмыртқаның сарысын қосасыз. Қоспаны таза бетке жағып, 15-20 минут ұстаңыз да, жылы сумен шайып тастаңыз. Нәтижесінде, теріңіз жылтырап, сұлулана түседі.

Иммунитетті көтеру үшін алоэ шырыны мен балдың қоспасын жасайсыз. Шырынды алу үшін 15 сантиметр болатын бірнеше жапырақты үзіп алып, сумен бір рет шайып жіберіңіз. Таза стақанды, дәкені немесе мәрліні аласыз. Қолыңызды тазалап жуыңыз да, сол мәрлінің бетіне ~~әбден кескілеген алоэны қоясыз. Оны қолыңызбен қатты сығып, суын~~ стақанға тамызасыз. Дайын шырынды балмен араластырасыз (1:1). Бұл қоспаны күніне 3 рет бір шәй қасықпен тамақтан жарты сағат бұрын ішіп тұрыңыз. Пайдалану уақыты – 3 апта. Егер суық тигізіп алсаңыз, алоэның жаңадан жасалған шырынын әрбір 3-4 сағат сайын 2-3 тамшыдан тамызып тұрыңыз. Бұл әдісті 2-3 күннен артық жасауға болмайды. Егер сізде гастрит, асқазан жарасы болса немесе тәбетіңізді жақсартқыңыз келсе, күніне 2-3 рет алоэ шырынын ішіңіз. Ларингит (тамақ ауырсынуы) кезінде, тамағыңызды, аузыңызды алоэ шырынымен шайыңыз.

Қай ұлтты алып қарасаңыз да, көпшілігінің халықтық медицинасы дәрілік өсімдіктерге негізделген. Ал, жалпы, әлемдегі барлық дәрі-дәрмектердің 40 пайызы осындай өсімдіктерден жасалады. Мәселен, жүрек ауруларын емдейтін дәрі-дәрмектің – 70%, ішек-қарын, бауыр дәрілерінің – 75%, жатыр аурулары дәрі-дәрмектерінің – 80%, қақырық түсіретін дәрілердің – 80% және қан тоқтатын дәрілердің 65% тек өсімдіктерден әзірленеді екен.



Осындай дәрілік өсімдіктер арасында ең кең таралғаны – алоэ. Алоэ араб тілінен аударғанда «ащы» дегенді білдіреді. Сонымен қатар, дәрігерлер оны мыңжылдық өсімдік деп те атайды. Алоэнің қоспалары Қытайдың мыңжылдық қоспаларында бар. Халық медицинасында оны қызыл иектің, қабақтың қызаруына, өкпе туберкулезіне, экземді емдеуге, асқазан жарасына пайдаланады.

Ал, жапырақ сөлі тәбетті ашып, ас қорытады. Әр түрлі микробтарға қарсы тұра алады. Химиялық медицинада алоэның шырыны жараны таңуға, әр түрлі тері ауруларына пайдаланып келеді. Халық медицинасында жаңа жапырақтарды күйікті жазуға, дерматитке қарсы дәрі ретінде қолданылады. Алоэның су тұнбасы тәбетті толықтай ашуға көмектеседі. Тері сыртындағы іріңді жара, күйік, қағынған жараларға өсімдіктің жапырағы мен сөлін қолдануға болады. Сонымен қатар, демікпеде, асқазан ойық жарасында, асқазан ауруларына қарсы қолданады.

Алоэның дәрілік қасиеті осыдан 3000 жыл бұрын белгілі болған. Оны Египетте, кейін Үндістанда, Италия, Грецияда сыртқы күйіктерге арнап қолданған. Орыс медицинасында жапырақ сөлін жүйке ауруларын, бас ауруы т.б. сырқат үшін, бал мен борсық майын қосып туберкулезді емдейді.

Ескерту!

Алоэның басты ем болатын аурулары және қолданылуына тоқталайық:

1. Иммунитет көтеруде: 500 г жаңа кесілген алоэ жапырағын грек жаңғағы дәнімен араластырып, ет тартқыштан өткіземіз. Оған 1,5 стакан бал араластырып, тамақтан соң бір ас қасықтан күніне 3 мезгіл бір ай ішу керек.

2. Тіс ауырғанда алдымен ауызды тұзды сумен шайып, 1 грамм алоэны тіске басады.

3. Сыртқы жарақаттан қан шыққанда алоэден лайықты мөлшерде алып, жарақатқа таңады.

4. Демікпеге жас алоэні езіп, шырынын күніне 3 рет 5 мг ішіп отыру керек.

5. Сыздауық шыққанда, іріңді жараларды алоэның жапырағын тіліп, жараның аузына тартады. Ол ауруды тез жазып, тез жазылуына, әрі қарай асқынып кетпеуіне көмектеседі.

Сондай-ақ, алоэ өсімдігі адамның тәбетін ашуға, іш тоқтатқанға, асқазан ауруына, ішек ауруларына жақсы ем. Бал қосылған алоэ шырыны туберкулез ауруына шипа болып табылады.

Ескерту!



Алоэ вера (нағыз алоэ)



Үйде өсірілетін алоэнің ең көп тараған түрі — Нағыз алоэ (*Aloe Vera*). Оның **барбадостық алоэ** (*Aloe barbadensis*), **кәдімгі алоэ** (*Aloe vulgaris*), **сары алоэ** деген аттары бар. Алоэнің бұл түрі әлем бойынша емдік мақсаттарда кеңінен пайдаланылады.

Алоэ вераны жеңіл күйік пен жарақаттарды емдеуге пайдалануға болады. Бұл өсімдіктің қою да созылмалы шырыны ауыру мен қышығанды басады. Инфекциядан жазылуға және оның алдын алуға көмектеседі. Өсімдіктен кішкене кесіп алып, сыртқы қабығын аршыңыз да, сол жұмсақ жапырақты немесе оның шырынын тікелей күйікке немесе жарақатты жерге салыңыз.

Алоэның асқазан жарасы мен гастритті емдеуде де көмегі бар. Алоэның үшкір жапырақтарын ұсақтап тураңыз да, оны түнімен суға батырып пайда болған созылмалы ащы сұйықты әр 2 сағат сайын 1 стаканнан ішіңіз. Алоэнің жапырағын кескенде дәмі ашы сары түсті шырын ағады, ол шырыннан медицинада түрлі дәрілер жасайды. Алоэ дәрісі - асқазан, ішектегі жараларға, дизентерияға, терідегі іріңдеген жараларды жазуға пайдаланылады. Туберкулез ауруына қарсы қолданады. Абайсызда қолды пышақ кескенде, іріңдеген жара шықса, алоэ жапырағын ортасынан қақ жарып жараға таңып қоюға болады.



***Алоэның косметикада
қолданылуы***







Назарларыңызға рахмет!